



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

2026 жылғы 08 қаңтар

KASE Market Data Hub шеңберінде KASE өңірлік биржалық деректерді біріктіреді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) Биржа базасында өңірдің биржалары мен қаржы ұйымдарының нарықтық деректеріне бір орталықтан қол жеткізу үшін құрылған KASE Market Data Hub цифрлық инфрақұрылымдық платформасын іске қосқанын хабарлайды. KASE Market Data Hub бірыңғай стандартталған арна шеңберінде деректерді жеткізушілер мен тұтынушыларды біріктіруге арналған. Платформа жаңа ақпарат көздерін қосу кезінде көптеген техникалық интеграцияның қажеттілігін жояды және шарт жасасуды, өзара есеп айырысуды, қаржылық құжаттарды қалыптастыру мен алмасуды қоса алғанда, әкімшілік және операциялық шығынды едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

KASE Data Hub деректерді жеткізушілері мен нарықтың кәсіби қатысушылары – банктер, брокерлер, басқарушы компаниялар мен жаһандық ақпараттық вендорлар арасындағы технологиялық түйісу нүктесі ретінде жобаланған. Платформа "бір рет қосылып, деректерге ауқымды қол жеткізу" қағидатын іске асыра отырып, техникалық әкімшілік ету міндеттерін өзіне алады.

"KASE Market Data Hub құру – Биржаның KASE-нің өңірдің қаржылық хабы ретіндегі рөлін нығайту стратегиясын іске асырудағы орынды қадам. Біз финтех-платформа ретінде жүйелі түрде дамып келеміз және нарықты халықаралық капитал қатысушылары үшін неғұрлым құрылымдалған, қолжетімді әрі түсінікті ететін цифрлық инфрақұрылымды қалыптастырып жатырмыз", – деп атап өтті **KASE Басқарма төрағасы Әділ Мұхамеджанов**.

Бастапқы кезеңде ақпарат жеткізушілер ретінде Орталық Азия биржалары, сондай-ақ тауар биржаларын, "Орталық депозитарий" АҚ-ты және Астана халықаралық биржасын қоса алғанда, жергілікті нарық қатысушыларын қарастырып жатырмыз. **KASE Market Data Hub** географиясы өңірлік қаржы институттарымен шектелмейді, ол болашақта халықаралық нарықтардан жаңа деректер жеткізушілерді қосу есебінен кеңейтіледі.

KASE Market Data Hub-ты іске қосу KASE-нің заманауи қаржылық-технологиялық экожүйеге трансформациялануын көрсетеді және цифрлық сервистерді дамыту үшін тұғыр жасап, нарықтық ақпаратқа айқын әрі ауқымды трансшекаралық қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Анықтама үшін:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ – Орта Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен жасалған сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД елдері арасында екінші орын алады, FEAS биржалары арасында акция нарығын капиталдандыру жөнінен төртінші орында. Бұл – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валютасы, ақша нарығындағы репо және валюталық своп операциялары, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE – Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалары федерациясының (FEAS), ТМД елдері қор биржаларының халықаралық қауымдастығының (ТМД БХҚ), Жаһандық орталық контрагенттер қауымдастығының (CCP Global) және басқа халықаралық және ішкі кәсіби ұйымдардың мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" – Sustainable Stock Exchanges Initiative бастамасына қатысушы.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237-53-42, pr@kase.kz